

## Қазақстанның Алматы қаласында Alstom компаниясының 3000<sup>шы</sup> P80 бағыттамалық электр жетегі өндірістік желіден түсті



**2020 жылғы 16 қаңтар** – Alstom-ның теміржолға арналған электр жетек өндіретін ҚазЭлектроПривод<sup>1</sup> бірлескен кәсіпорны қазақстандық теміржол үшін 3000<sup>шы</sup> P80 бағыттамалық электр жетегін өндірді. P80 бағыттамалық электр жетегіне оның өмірлік циклі ішінде қызмет көрсету шығындарының төмендетілгендігі арқасында ол ұзақ мерзімге оңтайлы инвестицияға айналып отыр.

Алматы қаласындағы ҚЭП өнеркәсібінде өндірілетін Alstom компаниясының P80 типті бағыттамалық электр жетегі ең аз мерзімдік техникалық қызмет көрсету кезінде қозғалыс қауіпсіздігінің өте жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін жасап шығарылған. P80 бағыттамалық электр жетегі 180 шақ/сағ дейінгі жылдамдық кезінде және күрделі жөндеуден кейін қызмет ету мерзімі 15 жылға шектеусіз ұзартыла отырып, 20 жылға дейінгі коммерциялық пайдалану мерзімімен жұмыс істеу үшін сертифицирталған. Alstom компаниясы

әлемнің 30-дан астам елінде 50,000-нан астам бағыттамалық электр жетегін орнатқан.

*«Біз «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ үшін 3000-шы P80 бағыттамалық электр жетегін жасап шығарғанымызды мақтан тұтамыз. Бұл біздің өнімнің берік екендігін және жергілікті инфрақұрылымға толық сәйкес келетіндігін дәлелдейді. Біз әріптесіміз ҚТЖ-ға бағыттамалық электр жетектерін жеткізуді жалғастырмақпыз», – деді ҚЭЖ БК Бас директоры Ирина Лукошкова.*

Бағыттамалық электр жетегі – бұл теміржол көлігінде қолданылатын электрмеханикалық ауыстыру механизмі және де ол бағыттаманы жылжыту, бұғаттау және оған үздіксіз бақылау жасау үшін арналған.

2013 жылы құрылған ҚазЭлектроПривод өнеркәсібі ҚТЖ үшін 10,000 бағыттамалық электр жетегін жеткізуге арналған жалпы сомасы 90 миллион еуроға келісімшартты алды. Бүгінгі таңда Alstom компаниясы және «SOP Trade» ЖШС ҚЭП активтерін теңдей басқарады. Жалпы алаңы 2,870 шаршы метр жерде 50-ден астам адам ҚТЖ үшін P80 бағыттамалық электр жетектерін жеткізу бағытында еңбек етеді.

<sup>1</sup> ҚЭП – “ҚазЭлектроПривод” БК” ЖШС (50% Alstom, 50% SOP Trade)

**Alstom  
компаниясы  
туралы**

Бүкіл әлемде мобильділік бойынша экологиялық таза әрі зияткерлік шешімдер саласындағы көшбасшы бола отырып, Alstom компаниясы болашақта көлік секторы үшін орнықты негіз жасайтын интеграцияланған жүйелерді әзірлеп, нарықта іске асырады. Alstom жоғары жылдамдықты пойыздардан бастап метроға, трамвайлар мен электробустардан интеграцияланған жүйелерге, дараландырылған көрсетілетін қызметтерге, инфрақұрылымға, дабылдама жүйесі, орталықтандыру және бұғаттауға құралдар мен цифрлық мобильділік бойынша шешімдерге дейін шешімдердің кең қатарын ұсынады. 2018 қаржы жылы Alstom компаниясы 8.1 млрд. еуро сомасына сатылымдарды тіркеді және 12.1 млрд. еуро сомасына тапсырыстарды қабылдады. Басты кеңсе Францияда орналасқан Alstom компаниясы 60-тан астам елде жұмыс істейді және 36 300 қызметкерге жұмыс орнын ұсынып отыр.

**Байланыс**

**БАҚ үшін:**

Зәуре РАХМЕТОВА - Тел.: +7 701 889 3345  
zaure.rakhmetova@alstomgroup.com